

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

2023ж.12.12.№04-3-03/3660

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары
Е.Д. Стамбеков мырзаға
Р.А. Берденов мырзаға
А.Т. Зейнуллин мырзаға**

17.11.2023ж. №ДЗ-433 депутаттық сауалға

Құрметті Ерлан Дәулетұлы!

Құрметті Руслан Арысбекұлы!

Құрметті Аян Талғатұлы!

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі – Агенттік) жоғарыда келтірілген сауалды құзыретінің шеңберінде қарап, төмендегіні хабарлайды.

Қазақстанның брокерлеріне салық агенттерінің функцияларын беру туралы ұсынысқа қатысты

Салықтық әкімшілендіру рәсімдерін жетілдіру мақсатында Агенттік Қазақстанның брокерлеріне салық агенттерінің функцияларын беру туралы ұсынысты қолдайды. Бұл ұсынысты іске асыру бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асырған кезде **жеке тұлға үшін шығыстар мен кірістердің есебін жүргізуді жеңілдетуге ықпал етеді.**

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына сәйкес **брокер нақтылы ұстау қызметтерін көрсетуге құқылы.** Бұл ретте бағалы қағаздарды нақтылы ұстауды брокер клиентпен жасалған, брокердің нақтылы ұстауға берілген бағалы қағаздарға қатысты құқықтарын белгілейтін шарттың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Осыған байланысты **брокер өзінің есепке алу жүйесінде жүргізілетін операцияларды дербес растай алады** не клиенттерінің тиісті рұқсаттарының негізінде «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-тан тиісті ақпаратты сұрата алады.

Осылайша, бүгінгі күні брокерлердің **салық агенттерінің функцияларын орындау үшін** барлық қажетті инфрақұрылымы мен мүмкіндігі бар.

Жеке тұлғаның салық салынатын кірісті алу кезінде бағалы қағаздармен операциялар бойынша осы кірісін залал мен шығыстар сомасына азайту мүмкіндігіне қатысты

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 288-бабының 2-тармағында басқаларымен қатар **салық төлеушінің** өткізу күнінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізуден туындайтын залалдарға азайтылған, өткізу күнінде **Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдерінде болатын бағалы қағаздарды осы қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен өткізу кезінде күн өсімінен түсетін кірістеріне салық салынатын кірісті азайтуға құқығы көзделген.**

Осыған байланысты, Салық кодексінің қолданыстағы редакциясында Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының ресми тізімдеріндегі **бағалы қағаздар құнының өсімінен салық салынатын кірісті оларды өткізуден туындаған залалдарды шегеру есебінен азайту мүмкіндігі** көзделеді.

Аталған жеңілдік қабылданған сәттен бастап (01.01.2009ж. бастап енгізілген) 2023 жылғы қараша аралығында KASE биржасында акциялар бойынша сауда-саттықтың жалпы көлемі **3,5** есе, корпоративтік облигациялар бойынша сауда-саттық көлемі **6,8** есе ұлғайғанын атап өткен жөн. 2023 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің номиналды ұстау жүйесіндегі шоттар саны **2,3** млн шотты құрады, оның ішінде: ұстаушылардың **689** мың қосалқы шоты (2018 жылдан бастап 5,7 есе ұлғайды), брокерлер ашқан және біріктірілген омнибус-шоттар арқылы есепке алынатын **1,6** млн жеке шот.

Осылайша, бұл жеңілдіктер **ішкі нарықта Қазақстанның қаржы құралдары айналымының өсуін қамтамасыз етуге және капиталдың шетелге әкетілуін айтарлықтай шектеуге мүмкіндік берді.**

Сонымен қатар қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру үшін мүдделі мемлекеттік органдар, оның ішінде Агенттік **жаңа Салық кодексінің жобасын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде.**

Аталған жұмыс шеңберінде қаржы нарығына қатысушылардың ұстанымдары ескеріле отырып, бір шешім қалыптастырылады, ол **жаңа Салық кодексінің жобасына енгізілетін** болады.

Төраға

М. Әбілқасымова

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»

А15С9Т5, Алматы қ., Көктем-3, 21-үй
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

А15С9Т5, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: +7 727 2619200, факс: +7 727 2440282
E-mail: info@finreg.kz

12.12.2023г.№04-3-03/3660

Депутатам Мажилиса
Парламента Республики Казахстан
Г-ну Стамбекову Е.Д.
Г-ну Берденову Р.А.
Г-ну Зейнуллину А.Т.

На депутатский запрос от 17.11.2023г. №ДЗ-433

Уважаемый Ерлан Даулетович!

Уважаемый Руслан Арысбекович!

Уважаемый Аян Талгатович!

Агентство Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство), рассмотрев в рамках своей компетенции вышеприведенный запрос, сообщает следующее.

Касательно предложения о наделении казахстанских брокеров функциями налоговых агентов

Для целей совершенствования процедур налогового администрирования Агентство поддерживает предложение о наделении казахстанских брокеров функциями налоговых агентов. Реализация данного предложения **способствует упрощению ведения учета расходов и доходов для физического лица при осуществлении операций с ценными бумагами.**

В соответствии со статьей 57 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» **брокеры вправе оказывать услуги номинального держания.** При этом, номинальное держание ценных бумаг осуществляется брокером в соответствии с условиями заключенного с клиентом договора, устанавливающего права брокера в отношении ценных бумаг, переданных в номинальное держание.

В этой связи, **брокер может самостоятельно подтверждать операции, которые проводятся в его системе учета либо запрашивать соответствующую информацию у АО «Центральный депозитарий ценных бумаг» на основании соответствующих разрешений клиентов.**

Таким образом, на сегодня брокеры имеют всю необходимую инфраструктуру и возможности для **выполнения функций налоговых агентов**.

Касательно возможности уменьшения налогооблагаемого дохода физического лица на сумму убытков и расходов по операциям с ценными бумагами, понесенными при получении данного дохода

Пунктом 2 статьи 288 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» (далее – Налоговый Кодекс) помимо прочего **предусмотрено право налогоплательщика на уменьшение налогооблагаемого дохода от прироста стоимости при реализации методом открытых торгов на фондовой бирже, функционирующей на территории Республики Казахстан, ценных бумаг, находящихся на день реализации в официальных списках данной фондовой биржи, уменьшенные на убытки, возникшие от реализации методом открытых торгов на фондовой бирже, функционирующей на территории Республики Казахстан, ценных бумаг, находящихся на день реализации в официальных списках данной фондовой биржи.**

В этой связи, действующая редакция Налогового Кодекса предусматривает возможность **уменьшения налогооблагаемого дохода от прироста стоимости ценных бумаг, находящихся в официальных списках фондовой биржи, функционирующей на территории Республики Казахстан, за счет вычета убытков, возникших от их реализации.**

Следует отметить, что с момента принятия указанной льготы (*введено с 01.01.2009г.*) по ноябрь 2023 года общий объем торгов на бирже KASE по акциям увеличился в **3,5** раза, объем торгов по корпоративным облигациям увеличился в **6,8** раза. На 1 ноября 2023 года количество счетов в системе номинального держания Центрального депозитария составило **2,3** млн, из них: **689** тыс. субсчетов держателей (*увеличение с 2018 года в 5,7 раза*), **1,6** млн лицевых счетов, открытых брокерами и учитываемых через агрегированные омнибус-счета.

Таким образом, данные льготы позволили **обеспечить рост обращения казахстанских финансовых инструментов на внутреннем рынке и существенно ограничить отток капитала за рубеж.**

Вместе с тем, в настоящее время в реализацию поручения Главы государства заинтересованными государственными органами, в том числе Агентством, **ведется работа по разработке проекта нового Налогового кодекса.**

В рамках указанной работы будет сформулировано единое решение с учетом позиций участников финансового рынка, которое **будет включено в проект нового Налогового кодекса.**

Председатель

М. Абылкасымова